**«Электрэнергетика» бөлім жиынының**
**№9 ХАТТАМАСЫНЫҢ көшірмесі**

**Қатысқандар саны:** 13
**Өткізілген уақыты:** 28.12.2023ж.
**Өткізілген орны:** 129 каб

**Күн тәртібінде:**

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары туралы;
2. «Таза сессия - 2023» акциясын ұйымдастыру;
3. Әрүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Бөлім меңгерушісі Ә.Нұрбекова ҚР «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған Стратегиясын іске асыру және «SANALY URPAQ» жобалық кеңесімен әзірленген кешенді жұмыс жоспарына сәйкес Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары туралы және «Таза сессия-2023» акциясы туралы колледж директорының бұйрығымен тапсырды.

Жиналыс барысында бөлім меңгерушісі ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мәселесі бойынша педагогикалық құрамды «Таза сессия - 2023» акциясын ұйымдастыру бойынша атсалысуға шақырды. Сонымен қатар, академиялық адалдық қағидаларын сақтау мәселелері бойынша және ҚР «Білім туралы» Заңының 51 бабының 7,8 тармақтарына сәйкес педагогтердің әдеп қағидаларын сақтау, білімалушылардың, ата-аналардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті екендігі туралы, колледж қызметкерлері мен оқытушыларға түрлі себептермен мерекелік іс-шараларға ақша жинау және тағы басқа мақсатта ата-аналар комитеті атынан сыбайлас жемқорлыққа жол беру мәселесі айтылды. Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу туралы колледж директорының бұйрығы орындалмаған жағдайда барлық қызметкерлер қатаң түрдегі тәртіптік жаза мен атқарып отырған лауазымынан босатуға дейінгі шаралар қолданылатындығы ескертілгенін айтты.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша «Таза сессия - 2023» акциясын ұйымдастыру барысында 25 желтоқсан мен 19 қаңтар күндер аралығы сессия кезінде комплаенс қызметінің мүшелері сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша жұмыс жүргізетіндігі айтылды. ҚР «Білім туралы» Заңының 63 бабын басшылыққа ала отырып, студенттерден заңсыз ақшалай қаржы

жинаудың алдын-алу қатаң тиым салу және академиялық адалдық мәселелері талқыланды.

Жиналыс соңында бөлім меңгерушісі педагогтер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарын үнемі бақылауда ұстау әр азаматтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттіне байланысты екендігін қайта еске салды. Білімді, бәсекеге қабілетті, сапалы маман дайындауда келеңсіз жағдайға жол бермеуді кез-келген педагог өзінен бастаса, өз ар-ұятының, әріптетерінің және шәкіртінің алдында жүзі жарық, абыройлы болатындығы және бұл қоғамдық дертпен күресу барлық азаматтарының азаматтық борышы екендігін үнемі назарда ұстауды ұсынды.

**Қаулы:**

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары туралы және «Таза сессия-2023» акциясы туралы колледж директор бұйрығы назарға алынсын;
2. Сыбайлас жемқорлыққа жол беру іс-шаралары бөлім меңгерушісі мен топ жетекшісіне жүктелсін;
3. «Таза сессия - 2023» акциясы аясында білімалушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа жол берілмесін және заңсыз қаржы жинауға қатаң тиым салынсын.

**Төрағасы:** **Қодар.Ж.Б**

**Хатшы:** **Калашова М.**

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Электро-энергетикалық бөлімі